

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒЫЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒЫЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

		мұсылмандары және Екінші дүниежүзілік соғыс	
1260.	Новикова А. Г.	«Боевая деятельность партизан-казахстанцев Освейской партизанской бригады им. М.В. Фрунзе Витебской области БССР (1942-1944 гг.)»	5398
1261.	Тұрғынбай Е. М.	Тектінің тұяғы (майдангер Әлім Алмат хақында)	5401
1262.	Тайтолеуов А. Б.	Герой Советского Союза из Семипалатинской области	5405
1263.	Шуберт А. А.	Боевой путь Кучеренко Николая Петровича: от Акмолинска до Тулы	5408

СЕКЦИЯ 9
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР
ЖУРНАЛИСТИКА И СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ

9.1- секция
ПОСТСЕКУЛЯРЛЫҚ ӘЛЕМДЕГІ ДІН: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР,
ШЕКАРАЛАР ЖӘНЕ СЫН-ҚАТЕРЛЕР
РЕЛИГИЯ В ПОСТСЕКУЛЯРНОМ ОБЩЕСТВЕ: ВЫЗОВЫ, ГРАНИЦЫ,
НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ

1264.	Абайқызы Ақтоты	Эрих Фроммның дін психологиясы	5560
1265.	Алибек Алия Бауыржанқызы	Қазақстанның әлеуметтік желілеріндегі психологиялық және рухани емшіліктің қалыптасуы	5564
1266.	Албагачиева Луиза Багаудиновна	Неоязычество в современном обществе: формы, виды возрождения	5568
1267.	Аманжолов Ансар Жанатулы	Проявление образа иисуса христа в маркетинге и интернет-юморе (мем-культуре)	5572
1268.	Әкімбай Айымжан Құдайбергенқызы	Діни ритуалдардың қоғамдағы рөлі	5576
1269.	Бейсенбай Райхан Жарқынбекқызы	Қазақстандағы мұсылман қыздары: қоғамдық пікір және құқықтық мәртебе	5579
1270.	Бидолда Жайқал Болатбекқызы	Оңалту және дерадикализация жұмыстарының халықаралық тәжірибелеріне шолу	5583
1271.	Демесінов Асылжан Алдамбергенұлы	Сенуші адамдарға психологиялық кеңес берудің ерекшеліктері	5588
1272.	Жубанышева Ардақ Талғатқызы	Жеке тұлғаның радикалдану процесін анықтау критерийлері	5593

1273.	Жусупов Санжар Муратулы	Религиозные онлайн-проповеди и психология убеждения: основные методы воздействия	5596
1274.	Ибадуллаева Ақниет Абдуалиқызы	Қасиетті құпиялардың теологиялық психологиялық аспектілері	5599
1275.	Ізбасқан Айдана Арапбайқызы	Діни бірегейлік және жаһандану	5603
1276.	Иманханов Азамат Иманханұлы	Исследование взаимосвязи религиозности и свойств темперамента личности: на основе методики пятифакторного анализа	5607
1277.	Қаржауова Майра Бауыржанқызы	Радикалды діни ағымдардың теориялық-әдіснамалық негіздері	5612
1278.	Орынтай Ади Оразбайұлы	Аспекты деструктивных культов в компьютерной игре «Cult of the lamb»	5616
1279.	Рамазан Інжу Болатқызы	Ислам шариғатындағы тұлға концепциясы: құран негіздері мен ғылыми тұжырымдар	5620
1280.	Самен Көркем Болатқызы	Цифрлық дәуірдегі діни құндылықтардың трансформациясы	5624
1281.	Шайзада Ақерке Асхатқызы	Гендерлік зерттеулердің дінтану саласындағы рөлі: қазақ қоғамындағы руханилықтың трансформациясы	5629

9.2 - секция

ҚОҒАМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ ОБЩЕСТВО И КУЛЬТУРА: ФИЛОСОФСКИЙ И КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

1282.	Абдиканова Дарина Куанышевна	Симулякр как продуктивная сила: Делёзовская критика платонизма	5632
1283.	Абитай Бейбарыс Рахымжанұлы	XX ғасырдағы қазақ ойшылдарының рухани жаңғыру мен еркіндікке қатысты философиялық ұстанымдары	5635
1284.	Алимхан Айбота Маратқызы Нукешова Диана Талгатқызы	Балаларға арналған философия:цифрландырылған заманда	5640
1285.	Атымтай Даяна Нурланқызы	Гётенің поэзиясындағы сопылық мотивтер: исламдық мистиканың батыс ойына ықпалы	5645

1286.	Байгулина Амина Акановна	Қазақ ғылымы: Қ.Сәтпаев пен Е.Бөкетов	5649
1287.	Бекботаев Сырлыбек Қуатбекұлы	«Қара жер»: таңба мен қазба жад	5653
1288.	Жақсылық Ботагоз Жарылқасынқызы	Мұзарап Жүсіпұлының күйшілік өнері және қазақ мәдениетіндегі орны	5658
1289.	Жанатқызы Ұлпан	Стоицизмнің қазіргі заманғы адамға пайдасы бар ма?!	5561
1290.	Жаркенов Ұлан Берікұлы	Қазақ философиясындағы мақал-мәтелдің орны	5664
1291.	Жолдасбаева Ақнұр Райымдекқызы	Конфуцийшілдіктегі адам, қоғам және табиғат арасындағы қарым-қатынастарды үйлестіру мәселесі туралы	5667
1292.	Зулхарова Асел	Өнер философиясындағы рухани ізденістер	5670
1293.	Калиева Айя Айбекқызы	«Страх» в философии Сёрена Кьеркегора	5673
1294.	Каменов Бекзат Расулович	Қазақ дүниетанымына тәңіріліктен енген түсініктер	5677
1295.	Капаева Аида	Қазақстандағы театр өнері дамуының кейбір тенденциялары	5681
1296.	Капсеметова Назира Канатовна	Қазақ философиясындағы адам және рухани құндылықтар	5684
1297.	Керімбай Әлихан Санжарұлы	Қоғам және философия: философиялық идеялардың қоғам дамуына ықпалы	5687
1298.	Кунтупова Аяулым Маратқызы	Қоғам және мәдениет: қазіргі қоғамның жастардың рухани құндылығымен байланысты кейбір мәселелеріне философиялық және мәдени талдау	5690
1299.	Қали Тоғжан Қахарманқызы	Эстраданың бұқаралық мәдениеттің феномені ретінде қоғамға әсері	5694
1300.	Қанапина Арайлым Жанғалықызы	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани мұрасы	5697
1301.	Құрас Бақытгүл Қанатқызы	Сұлулық ұғымының тарихи эволюциясы	5699
1302.	Рахимғалиева Айзат Ерболатқызы	Жасанды интеллект және мораль	5702
1303.	Серік Айгерім Азаматқызы	Шәкәрімнің адамның өмірлік бағдарларының мәні туралы экзистенциалды ой толғауы	5705
1304.	Тілеуғабыл Назерке Ерболатқызы	Жоғары білім саласындағы экзистенциалдық дағдарыстарды еңсерудегі философияның ықпалы	5709
1305.	Шәді Қарақат Қайратқызы	Суфизмдегі әйелдер тарихы: раба аль-адавияның мұрасы және оның ізбасарлары	5714

9.3 – секция

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ СОВРЕМЕННОЕ ОБЩЕСТВО: СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

1306.	Мамежан Гүлназ Асылзадақызы	Теоретико - методологические основы исследования бренда в семейном бизнесе	5718
1307.	Серікбай Дархан Шымкентбайұлы	Оңтүстік Қазақстан имиджі: тарихи, мәдени және экономикалық аспектілер	5721
1308.	Дүйсенбек Алмаз Асқарұлы Өмірзақ Ақнұр Бауыржанқызы	Әлеуметтік желілердің ойлау қабілеті мен сөйлеу тіліне әсері	5725
1309.	Орынбаева Аруна Маратовна	Диффузия западной культуры в молодежную среду	5730
1310.	Меделханқызы Ақзада	Донорлық әлеуметтік құбылысы: даму шарттары және факторлары	5734
1311.	Мазненко Валерия Максимовна	Отношение современной молодёжи к эзотерическим практикам	5736
1312.	Кукешева Алтынай Ермекбаевна	Восприятие обучающимися онлайн обучения (по результатам онлайн опроса)	5741
1313.	Кожаметова Аружан Азаматовна	Финансовая грамотность студентов Казахстана	5744
1314.	Казиханова Зура Ерлановна	Социальные ценности современной казахстанской молодежи	5748
1315.	Уразбаева Асия Аманжолқызы	Социальная проблема как поле конфликта: кейс закона о семейном насилии в РК	5752
1316.	Төребек Нұргүл Маратқызы	Әлеуметтік желілердің қазіргі қоғамдағы студент жастардың бірегейлігін қалыптастыруға әсері	5756
1317.	Раушанбекова Майра Талгатқызы	Жоғары білімді мамандардың эмиграциясы: қазақстандағы «ми ағыны» және оның әлеуметтік салдары	5760
1318.	Нұртай Гүлсайран	Қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі орны: әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері	5764
1319.	Лесов Наурызбек Әспенұлы	Мектеп жасына дейінгі балаға арналған қазақстандық медиакеңістік: әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері	5768
1320.	Көміртай Аружан Ержанқызы	Отбасын жоспарлау контекстіндегі әйелдердің әлеуметтік бірегейлігі: репродуктивті тәжірибенің әйелдің қоғамдағы рөліне ықпалы	5772

1321.	Кенжетай Шолпан Үсенқызы	Халықаралық фриланс тәжірибесі: тенденциялар және онлайн мамандықтар	5776
1322.	Галымжанова Аружан Бауржанқызы	Қазақстандағы паралимпиадалық спортты дамытудың әлеуметтік детерминанттары	5779
1323.	Карим Аулиехан Казбекулы	Религиозная идентичность и цифровая модернизация: институциональные аспекты	5782
1324.	Алиев Марат Мухтарович	Memory studies как исследовательская парадигма в изучении памяти и мнемонических конфликтов	5785
1325.	Балықбаева Ардақ Шәкірқызы	ҚР моно қалаларының демографиялық даму болжамы	5788
1326.	Өтеғали Дулат Болатұлы	Платформалық жұмыспен қамтудың әлеуметтанулық мәселелері	5792
1327.	Иманқұл Ақнұр Бексұлтанқызы	Отбасы-неке қарым-қатынастарына жаңа ұстаным: білім деңгейіндегі және отбасындағы міндеттерді бөлудегі гендерлік теңсіздік призмасында талдау	5795
1328.	Душманов Даниэль Тулегенович	Цифровые сообщества и женщины- тестировщики: гендер и идентичность	5798
1329.	Дінмұхаммед Дильназ	Репродуктивті мінез-құлық: саяси және мәдени конструкциясы	5802
1330.	Акатаев Азамат Абылович	Пространственная статистика в прогнозировании электорального поведения населения на основе данных GPS	5806

9.4 – СЕКЦИЯ

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ЖАСТАР ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ МОЛОДЕЖЬ И ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА В XXI ВЕКЕ

1331.	Адильхан Адина Нұртайқызы Алдашева Амира Маратовна	Роль скуки в личностном росте: как скуку можно перенаправить от аддикций к самоактуализации	5809
1332.	Аланбаев Алан Болатұлы Жантемирова Аяулым Еркиновна	Мультитаскинг в цифровой среде: информационная перегрузка и когнитивное истощение	5814
1333.	Болатбекқызы Төреқыз	К-поп жанкүйерлерінің психологиясы: әлемдік феноменнің жастар санасына әсері	5816
1334.	Дуйсембаева Сабина Жаслановна	Телефон қолдану уақыты мен стресс деңгейінің өзара байланысы	5819
1335.	Егимбаева Айнагуль Сериккалиевна	Исследование особенностей совладающего поведения родителей имеющих детей с особыми образовательными потребностями	5822
1336.	Ертукешова Гулия	Психологиялық әл-ауқат ұғымының мәні	5828
1337.	Жақсығұлова Зухра	Білім алушылардың аутоагрессивті	5832

	Бірлікқызы	мінез-құлқын зерттеудің теориялық - әдіснамалық негіздері	
1338.	Жоламан Диана Болатқызы Қадырыса Айшабибі Рахметқызы	Жеткіншектерде кездесетін агрессивті мінез-құлық пен қатыгездіктің психологиялық себептері	5836
1339.	Каримова Еркежан Сайлауқызы	Социально- психологическая адаптация молодежи – выпускников из детских учреждений	5840
1340.	Кунаков Ануар Серикович	Молодые мигранты: травма, разлука и психологическое здоровье	5843
1341.	Қожахметова Динара Тлеужанқызы	Тәуелділікті емдеудің 12 қадамдық оңалту бағдарламасы	5848
1342.	Қонысбай Фатима Ерболқызы	Когнитивті психология және тіл	5853
1343.	Абилбеков Акниет Нурболатович	Кванттық психология: сананың кванттық механика тұрғысынан зерттелуі	5857
1344.	Серікқызы Мөлдір Туякова Улбосын Жүсіповна	Білім беру жүйесінде сараптамалық қызметті жүзеге асыру	5861
1345.	Шакеева Алима Бериковна	Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды саласына әлеуметтік медиа ықпалы	5863
1346.	Масуадин Мөлдір	Психология мамандығында оқитын және басқа мамандықтағы студенттердің инфантильділік деңгейін зерттеу	5866
1347.	Мұқашева Ардагүл Болатбекқызы	Цифрлық дәуірдегі психологиялық сауаттылық және оның студенттердің эмоционалды тұрақтылығын дамытуға әсері	5870
1348.	Мырзақасым Айзада Есілбекқызы	Жеткіншектердегі суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша шетелдік тәжірибелерге шолу	5873
1349.	Нусупкүл Әнел Куатбекқызы	Жеткіншектердегі мазасыздықтың ерекшеліктері	5876
1350.	Нұршабек Панар Азаматқызы	«Ер Төстіктегі» архетиптік кейіпкерлер: юнгтың теориясы тұрғысынан талдау	5879
1351.	Рустамханова Тахмина Сухрабовна	Болашақ психологтардың оқу іс-әрекетіндегі үлгерімі мен эмоционалды интеллект арасындағы байланыс	5884
1352.	Сарина Амина Саидовна	Тіл және нейропсихология	5887
1353.	Шайманов Даулет Ерганатович	Связь между личностными характеристиками и приверженностью в религии ислам	5892
1354.	Секербаева Зарина Тимуровна	Психологические аспекты отношения и вовлеченности казахстанской молодежи в видеоигры	5896
1355.	Смагулова Нұрай Ануарқызы	Перфекционизмнің аутоиммунды аурулармен байланысы	5901
1356.	Тигран Ислана	«How childhood trauma affects us as	5904

		adults»	
1357.	Сулейменова Гульжазира Тажмагамбетовна Абдракышова Акерке Оралбаевна	Аутистік спектрдің бұзылыстары бар балаларды психологиялық қолдау	5908
1358.	Тасжурекова Нурсая Ерлановна	Эмоционалдық күйдің шығармашылыққа әсері	5912
1359.	Боранбаева Жансая	«Отбасы» ұғымының ғылыми әдебиеттерде зерттелуі	5914
1360.	Юсупова Гузель Сериковна	Применение медитации в психотерапевтической практике психологов и психосоматологов	5918
1361.	Керимкулова Жансая	Влияние детско-родительских отношений на расстройство пищевого поведения	5923
1362.	Сулейменова Гульжазира Тажмагамбетовна Абияким Ақбота Ақылбайқызы	Аутистік спектрдің бұзылыстары бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарды психологиялық сүйемелдеу	5926
1363.	Тухашев Муслим Яхьяевич	Взаимосвязь уровня самодисциплины и удовлетворённости жизнью у студентов	5930
1364.	Ахмет Бота Базарбайқызы	Жасөспірім және өмірдің мәні	5935
1365.	Жолдықараева Алтынай Қанатқызы	Отбасылық тәрбие стилінің жеткіншектердің өз-өзіне сенімді болуына ықпалы	5938

9.5-секция. Заманауи әлеуметтік саясат пен әлеуметтік жұмыс
Современная социальная политика и социальная работа

1366.	Имангалиева Жанель Сержановна	Вызовы и проблемы в работе социальных работников во время чрезвычайных ситуаций	5942
1367.	Седунова Кристина Владимировна	Социально-психологическая адаптация выпускников детских домов	5945
1368.	Михайлова Дарья Анатольевна	Образ профессии «социальная работа» в средствах массовой информации Республики Казахстан	5949
1369.	Жусупова Дильназ Дулатовна	Мотивация профессиональной деятельности и уровень притязаний будущих социальных работников	5953
1370.	Аманкельды Чингиз Аскарұлы	Профессиональная пригодность и приспособляемость к профессии «Социальная работа»	5955
1371.	Сейтжанов Сабыржан Жарылкаганович	Перспективы, риски и возможности миграции в условиях города (на примере г.Астана)	5958

1372.	Аубакирова Аягоз Каиртаевна Адилбекова Толкын Алиевна	Социальная работа и цели устойчивого развития: литературный обзор	5961
1373.	Абдрахманова Сыргагул	Права на образование детей с нарушением слуха в Казахстане	5966
1374.	Болатова Ұлжан Мырзағалиқызы	Қазақстандағы ақпараттық қауіпсіздік және медиасауаттылық; БАҚ рөлі мен әлеуметтік саясат механизмдері	5970
1375.	Семенова Юлия Евгеньевна	Роль социальных работников в профилактике суицидального риска в медиа пространстве	5973
1376.	Сейтхан Гүлзат Жаңабайқызы	Әлеуметтік жұмыскер медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымындағы мультидисциплинарлы топтың негізгі қатысушысы	5976
1377.	Саңғылбаева Ботагөз Ермекқызы	Жаңа туылған нәрестелерден бас тартқан әйелдердің мотивациясы мен әлеуметтік жағдайлары: перзентханадағы кейстерді талдау	5980
1378.	Дуйсенбаева Толқын Нурдиллақызы	Әлеуметтік жұмыстың тәжірибесінде арт-терапияны қолдану мүмкіндіктері	5985
1379.	Нұранова Данагүл Жандарбекқызы	Жетім балалармен және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс істеудегі кейс-менеджмент	5988
1380.	Олжабай Аружан Қалдыбекқызы	Спорт мүгедектігі бар адамдардың өмірлік сценарийін өзгерту факторы ретінде	5992
1381.	Бейбітова Ләззат Арманқызы	Әлеуметтік қызметкерлердің қазақстандағы инклюзивті туризмді дамытудағы рөлі	5996
1382.	Сегізбаева Жанерке Маханбетқызы	Девиантты-мінез құлықты жасөспірімдермен әлеуметтік жұмыс	5999
1383.	Шекербек Айжан Сәбитқызы	Ядролық сынақтардан зардап шеккендерді әлеуметтік қорғау	6002
1384.	Алибекова Жанат Асылбекқызы	Көру қабілеті бұзылған балаларға әлеуметтік қолдау көрсету	6008
1385.	Аманбай Еркежан Әлібекқызы	Әлеуметтік жетімдікті еңсерудегі қабылдаушы ата-аналар мектебінің үлесі	6011

1386.	Ибрагим Аяулым Ерболқызы	Егде жастағы адамдарға күтім жасаудың кешенді тәсілі	6014
1387.	Ерғалиева Аяулым Ғалымжанқызы	Еріктілік – әлеуметтік жұмыстың ажырамас бөлігі	6017
1388.	Қыстаубай Карима Қуанышбекқызы	Адаптация студентов первого курса к обучению в вузе	6024
1389.	Исаева Мерей Сеилбековна	Социальное предпринимательство: от бизнеса к общественной трансформации на пути к устойчивому будущему	6029

9.6-секция

ЦИФРЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС: ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ АСПЕКТІЛЕРІ ЦИФРОВАЯ ЖУРНАЛИСТИКА И СВЯЗИ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ: СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ

1390.	Талапқанұлы Ераман	Спорт журналистерін даярлау: 2019–2024 жылдардағы медиа-зерттеулер және халықаралық тәжірибе	6033
1391.	Кайрат М. К.	Эволюция социальной рекламы в Казахстане: от плакатов к digital-форматам	6038
1392.	Орынбасар С.А.	Жасанды интеллект заманындағы digital - коммуникациялар	6042
1393.	Мурзағалиева А.Е.	Сегментация аудитории с помощью искусственного интеллекта	6048
1394.	Магзумова Ж. Н.	PR саласындағы жасанды интеллект	6053
1395.	Салимжан Д.Ж.	Кризисный digitalpr: как справиться с негативом в интернете	6057
1396.	Тұяқбай Ақнұр Айболқызы	PR-дың қазақ поэзиясының дамуына ықпалы	6062
1397.	Алиева А. Д. Рустемова М. М.	Жасанды интеллект және PR-дағы цифрлық технологиялар	6066
1398.	Дауитхан Көгершин	Әйел спортшыларына қатысты медиа репрезентациялар: гендерлік аспект	6069
1399.	Ерланова Еркежан Ерлановна	Tiktok және Instagram платформаларындағы спорттық контенттің ықпалы	6072

1400.	Иүсіп Нәрсә	Спорт журналисінің бейнесі: кәсіби дағдылар мен жаңа талаптар	6074
1401.	Кабылбекова Аяна Канатовна	Қазақ киносының имиджін қалыптастырудағы PR-дың рөлі	6076
1402.	Құдайберген Аяулым Мирханқызы	Қазақ театрын жандырудың PR стратегиялары: жаңа медиа құралдарының рөлі	6079
1403.	Құрманжан Айгер	Халықаралық спорт жарыстары және қазақтілді бақ-тың қатысуы	6081
1404.	Отынбай Аружан Абайқызы Куанышева Диамара Куанышевна	Спорттық шараларды әлемдік деңгейде ұйымдастырудағы PR-дың рөлі	6085
1405.	Халым Күзеухан	Әлеуметтік желілердегі спорт журналистикасы: артықшылықтары мен кемшіліктері	6090
1406.	Хуандаг Алемнур	Футбол матчтарының репортажы: журналистік шеберлік пен этика	6092

9.7-секция

Журналистиканың дамуы: дәстүр мен трансформация Развитие журналистики: традиции и трансформация

1407.	Тургазыева Дильназ Медетовна	Қазақстан телеарналарындағы сараптамалық бағдарламалардың жаһандық кезеңдегі даму тенденциясы	6097
1408.	Амантай Жұлдыз Ағыбайқызы	Әйел журналистердің қоғамдық-саяси қызметі: отандық және шетелдік тәжірибе	6101
1409.	Kussainova Adel	Comparison of crime programs on tv different countries	6104
1410.	Озенбаева Назым Тукибаевна	Журналистика путешествий: история возникновения и этапы становления	6107
1411.	Қабдрашев Біржан Жарқынұлы	Қарулы қақтығыс аймағындағы журналистің рөлі мен қауіпсіздігі: Ресей мен Украина жанжалы негізінде	6111
1412.	Akimbekova Dilyara	Practice – oriented approaches in teaching journalism: experience of universities in Poland and Kazakhstan	6114
1413.	Elubay Guldana	Interactive teaching methods in training future journalists: practices from Poland and Kazakhstan	6116

1414.	Ғаббас Г.Е.	Сұхбат алудың ерекшеліктері (Youtube әлеуметтік желісінің мысалы бойынша)	6120
1415.	Мулькаман Назерке	«Threads» жаңа әлеуметтік желісінде отандық және шетелдік бақ-тың белсенділігі: салыстырмалы контент-талдау	6125
1416.	Серикова К.Т.	Қазақстан мен Ресей байланысы: ақпараттық кеңістіктегі ықпалдастықты арттырудағы өзекті мәселелер	6128
1417.	Шанжархан Зейін Әмірханұлы	Интернет журналистика негіздері: трендтер, аудитория, платформалар	6133
1418.	Сәдуақас Шаттық Серікқалиқызы	Әлеуметтік медиадағы Edutainment Қазақстандағы танымдық контент жасаудың жаңа моделі	6137
1419.	Жамботырова Айнеля Ербулатовна	Цифрлық дәуірдегі жаңалық тарату: дәстүрлі телевизияның бәсекеге бейімделуі	6142
1420.	Жұмағали К.С.	«Хабар» телеарнасында ақпараттық саясатты көрсету ерекшеліктері мен проблемалары (2015–2024 жылдар бойынша)	6147
1421.	Асилбек Жансая Турсунқызы	Журналистер мен алгоритмдер: жасанды интеллектің редакциялық процестер мен аудиторияның сеніміне әсері	6149
1422.	Сұлтан Ажар	Имидж және бедел: жеке тұлғаларға арналған имидж қалыптастыру стратегиялары	6151
1423.	Бекен Алем Куатұлы	Жасанды интеллект және big data технологияларының цифрлық журналистикадағы рөлі	6154
1424.	Ахметова Дильназ	Қазіргі медиадағы трансформация	6156
1425.	Жарбосинова Акмарал Наурызбайқызы	Әлеуметтік медиаданың жаңа механизмдері, алгоритмдік сүзгілердің қоғамдық пікірге ықпалы	6159
1426.	Кенжеқара Әспет	Цифрлық медиадағы отандық pr және жарнама	6162

1427.	Алтай Іңкәр	Медиадағы манипуляция және оның қоғамға әсері	6164
1428.	Молдахметова Камила Қалдыбекқызы	Желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызы мен саяси бағасы	6168
1429.	Бошанова Әсел Ербуланқызы	БАҚ-тағы медиа-инновациялардың дамуы	6169
1430.	Ментай Аяжан	Қазіргі журналистика: дәстүр сабақтастығы және трансформация жолдары	6173
1431.	Берік Д.Б.	Қазіргі тележурналистикадағы қазақ тілінің тілдік нормалары: жаңалықтарда қолданылу мәселелері	6176
1432.	Кеңшілікова Еркеназ Ғабитқызы	Журналистиканың дамуы: дәстүр мен трансформация	6181
1433.	Дәлкенқызы Перизат	Цифрлық трансформация және дәстүрлі БАҚ: қазақстандық медианың жаңа бағыты	6182
1434.	Манафья Шұғыла Бақытқызы	Салааралық журналистиканың даму үрдістері мен трансформациясы	6185
1435.	Байұзақ Ұлданай	Отандық мультфильмдердің тәрбиелік аспектілері	6189
1436.	Толкынбекова Дильназ	Киноаударма теориясы мен оның түрлері	6193
1437.	Ералханқызы Би-Фатима	Израиль-Палестина қақтығысы жағдайындағы бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі	6194
1438.	Dildabek Gaini Ibragimova Akbota	Youtube as a second screen: the digital adaptation of kazakhstan tv channels	6198
1439.	Қожатай Аяжан	Сот журналистикасы: отандық және шетелдік тәжірибе	6202
1440.	Құрманалы Дариға Дәулетқызы	Цифрлы медиа мен дезинформацияның қоғамдық санаға әсері	6204
1441.	Марданманова Әмина	Телеертегілердің бала тәрбиесіне ықпалы	6208
1442.	Арғын Томирис Дамирқызы	Этикалық мәселелер және журналистиканың жауапкершілігі	6210

1443.	Одылова Мафтуна	Влияние цифровизации на распространение феминистского дискурса: социальные сети и онлайн-платформы	6214
1444.	Шардарбек Аружан	Фактчек жасау және оның маңызы	6219
1445.	Kussainova Adel	Image of journalists and tv hosts covering criminal topics on television	6223
1446.	Серікова Құралай	Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығы: БАҚ перспективасына көзқарас	6229

9.8-секция

МЕДИА ЖӘНЕ БАСПА ИНДУСТРИЯСЫ: ЖАҢАНДЫҚ ТРЕНДТЕР МЕН ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

МЕДИА И ИЗДАТЕЛЬСКАЯ ИНДУСТРИЯ: ГЛОБАЛЬНЫЕ ТРЕНДЫ И НАЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ

1447.	Сансызбаев Н.Д.	Цифрлық дәуірдегі баспа: кітап шығару, оқу мәдениетін қалыптастырудағы мәселелер	6232
1448.	Сугурова Салтанат Базарбаевна	Қазақстандағы ауыл шаруашылығындағы суды үнемдеудің БАҚ-тағы көрінісі	6234
1449.	Narzullayeva Mukhayyo Iftikhor qizi Allambergenova Perkhan Kudaybergenovna	Theory and practice in journalism education	6237
1450.	Джумахметов Жігер Мейрамбекұлы	Дизайн трендтерінің эволюциясы және олардың жарнама стратегияларына ықпалы	6240
1451.	Нұрайлым Байзакеш	Қазақтілді балалар басылымдары: қалыптасу тарихы мен даму болашағы	6243
1452.	Қуанышқызы Ақниет	Медиадағы тактильді дизайн: жаңа тіл	6246
1453.	Келесова Жұлдыз Бақытжановна	О некоторых тенденциях в книгоиздании переводной Зарубежной литературы на казахском языке	6248
1454.	Маличкина Елизавета Андреевна	Перспективы цифрового книгоиздания в Казахстане	6251
1455.	Бекен Ильяс Ерғалыұлы	Верстка и дизайн важный фактор привлечения аудитории к печатным изданиям	6253

1456.	Шарапиева Рысалды	Интерактивті баспа өнімдері: заманауи білім мен медианың жаңа белесі	6257
1457.	Нургалиев Мади Еркатович	Использование ритма и звуковых эффектов	6260
1458.	Мұхитқызы Диана	Қазақ кітабының эволюциясы: көне қазақ кітаптарындағы иллюстрация (каллиграфия) өнері	6264
1459.	Амангелдина Данажан	Эпистолярлық мәтіндердің ғылымдағы орны	6269
1460.	Бейсенбай Диана	«Мазмұндама» баспасының заманауи жобалары	6272
1461.	Талғатқызы Адина	«Steppe and world» баспасының аударма кітап шығарудағы іс-тәжірибесі	6275
1462.	Тулегенова Аяулым	Шетел классиктерін қазақ тіліне аудару: мәдениетаралық диалог және әдебиеттегі аударма мәселелері	6278
1463.	Какен Мейірім	Ауғанстандағы билік ауысуы және оның халықаралық медиадағы көрінісі	6281
1464.	Жанатова Асем	Қазақ әндерінің әлеуметтік медиада насихатталуы	6286
1465.	Гантумур Армангүл	«Гейткипер» теориясы және медиа манипуляция	6289
1466.	Мұқанбай Ділнәз	Қытай мен АҚШ арасындағы ақпараттық соғыс	6293
1467.	Хамзина М. А.	Взаимодействие современных издательств и социальных сетей	6296
1468.	Ермаханова Ә.Б	Влияние социальных медиа на рекламу фильмов и роль издательских платформ	6300
1469.	Қожатай Аяжан Мустафақызы	Ақпарат дәуіріндегі технологиялық соғыс - жаңа саяси құрал ретінде	6304

СЕКЦИЯ 10

ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ

[2] Yang Hairong. A study on subjective well-being and Mental Health of Junior Middle School students and their related factors [J]. Chinese Journal of Health Psychology, 2004, 12 (6): 416-418.

[3] Hu Qihong, Zhang Liang. The relationship between life events and subjective well-being of middle school students [J]. Journal of Yichun College: 2010, 32 (1): 77-79.

[4] Wang Jisheng, Ding Xinhua. A study on the relationship between subjective well-being and Personality characteristics of Junior Middle School students [J]. Chinese journal of clinical psychology, 2003, (2): 96 / 98.

[5] Jiang Yuhan, Li Yian. A study on the relationship between psychological resilience and subjective well-being of senior high school students [J]. Chinese Journal of Health Psychology, 2011, 19 (11): 1357-1360.

[6] Li Tianwei. Research on the Subjective Well-being of Junior High School Students. *Psychology and Behavioral Sciences*. Vol. 8, No. 6, 2019, pp. 166-172. doi: 10.11648/j.pbs.20190806.14

[7] Elena B. Perelygina, Alexander M. Rikel, Alexander I. Dontsov. The subjective well-being of a person as a prism of personal and socio-psychological characteristics. *Psychology in Russia: State of the Art*. Volume 10, Issue 4, 2017.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АУТОАГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жақсығұлова Зухра Бірлікқызы

Л.Н. Гумиев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты (Қазақстан)

Түйіндеме: Қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық және психологиялық өзгерістер жағдайында жастар арасында аутоагрессивті мінез-құлықтың алаңдатарлық өсуі байқалады, бұл осы зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Мақалада студенттердің аутоагрессивті мінез-құлқының дамуына әсер ететін теориялық және әдістемелік негіздері мен факторлары қарастырылып, сонымен қатар оқу-тәрбие үрдісіне бейімделу кезеңінде аутоагрессияның психологиялық алдын алу моделі ұсынылған. Аутоагрессияның қалыптасуына әртүрлі тұлғалық және әлеуметтік-мәдени факторлардың әсері талданады, оның ішінде жасқа байланысты дағдарыстар, әлеуметтік бейімделу қиындықтары және білім беру және әлеуметтік күтулерден туындаған стресстің жоғары деңгейі. Студенттер арасында деструктивті көріністердің қаупін азайтуға бағытталған алдын алу шараларының тиімділігін ғылыми негіздеуге басты назар аударылады.

Негізгі сөздер: аутоагрессивті мінез-құлық, деструктивті мінез-құлық, психологиялық алдын алу, студенттердің бейімделуі, әлеуметтік бейімделу, жастық, стресс

Аннотация: В условиях современных социально-экономических и психологических изменений наблюдается тревожный рост аутоагрессивного поведения среди молодежи, что подчеркивает актуальность данного исследования. В статье рассматриваются теоретико-методологические основы и факторы, влияющие на развитие аутоагрессивного поведения студентов, а также предлагается модель психологической профилактики аутоагрессии в период адаптации к учебному процессу. Анализируется влияние различных личностных и социально-культурных факторов на формирование аутоагрессии, включая возрастные кризисы, сложности социальной адаптации и высокий уровень стресса, обусловленный образовательными и социальными ожиданиями. Основное внимание уделяется научному обоснованию эффективности профилактических мер, направленных на снижение риска деструктивных проявлений среди студентов.

Ключевые слова: аутоагрессивное поведение, деструктивное поведение, психологическая профилактика, адаптация студентов, социальная адаптация, молодежь, стресс

Abstract: *In the context of modern socio-economic and psychological changes, there is an alarming increase in autoaggressive behavior among young people, which emphasizes the relevance of this study. The article examines the theoretical and methodological foundations and factors influencing the development of autoaggressive behavior in students, and proposes a model of psychological prevention of autoaggression during the period of adaptation to the educational process. The influence of various personal and socio-cultural factors on the formation of autoaggression is analyzed, including age crises, difficulties in social adaptation and a high level of stress due to educational and social expectations. The main attention is paid to the scientific substantiation of the effectiveness of preventive measures aimed at reducing the risk of destructive manifestations among students.*

Keywords: *autoaggressive behavior, destructive behavior, psychological prevention, student adaptation, social adaptation, youth, stress*

Қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық және психологиялық өзгерістер жағдайында жастар арасында аутоагрессивті мінез-құлықтың алаңдатарлық өсуі байқалады, бұл осы бағыттағы зерттеулердің өзектілігін анықтайды. Аутоагрессивті мінез-құлық, оның ішінде өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері, тәуелділік және деструктивті мінез-құлықтың басқа да нысандары сияқты өзін-өзі жою әрекеттері жеке адамдардың психикалық және физикалық денсаулығына, сондай-ақ жалпы қоғамның әлеуметтік әл-ауқатына елеулі қауіп төндіреді.

Аутоагрессивті мінез-құлық мәселесі, әлеуметтік нормалардан ауытқығандықтан, әлеуметтік бейімделу белгілері бар адамдарға ғана емес, сонымен қатар ауқатты отбасында тәрбиеленетін және ауыр психопатологиялық бұзылыстары жоқ адамдарға да әсер етеді. Аутоагрессияның мұндай көріністері көбінесе жасқа байланысты дағдарыстармен, әлеуметтік бейімделудегі қиындықтармен, сондай-ақ білім беру және әлеуметтік күтулерден туындаған стресстің жоғары деңгейімен байланысты ішкі психологиялық қақтығыстармен байланысты. Оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу кезеңі эмоционалдық тұрақсыздық пен деструктивті мінез-құлық қаупін тудыратын елеулі қиындықтармен қатар жүруі мүмкін студенттер ерекше осал топ болып табылады.

Бұл жұмыста студенттердің аутоагрессивті мінез-құлықтың дамуына әсер ететін теориялық және әдістемелік негіздері мен факторлары зерттеліп, бейімделу кезеңінде аутоагрессияның психологиялық алдын алу моделі жасалған. Зерттеудің мақсаты – аутоагрессивті мінез-құлықтың алдын алудағы жобалық әдістердің тиімділігін ғылыми негіздеу және студенттер арасында деструктивті көріністердің қаупін азайтуға көмектесетін модельді құру.

Қазіргі уақытта адам өмірінің қоғамдық-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық жағдайларының өзгеруіне байланысты жастар арасындағы аутоагрессивті мінез-құлық жаппай құбылыс алды, оның таралуы әлеуметтік апат ауқымына әкелді. Аутоагрессивті мінез-құлық, маскүнемдік, есірткілік әлеуметтік бейімсіздік белгілері жоқ, халықты әлеуметтік қорғау органдарының назарының объектісі болып табылмайтын, қолайлы отбасыларда тәрбиеленетін психологиялық дені сау жастар арасында жиі кездеседі [1].

Аутоагрессивті мінез-құлық девиантты мінез-құлықтың бір түрі болып табылады. Девиантты мінез-құлық индивидтің осы қоғамда нақты қалыптасқан немесе ресми анықталған болжамдар мен нормаларға сәйкес келмейтін амалдар немесе әрекеттері ретінде анықталады.

Психологиялық әдебиетте мінез-құлықтың теріс салдарларына әкелетін және норма бұзушылық сипаты сияқты критерийлерге негізделген девиантты мінез-құлықтың үш тобына бөлінеді:

- 1) әлеуметке қарсы (сыртқы құрылымдық);
- 2) бейәлеуметтік (ығысқан-деструктивті);
- 3) диссоциальды (аутоагрессивті) [2].

Әлеуметке қарсы (сыртқы құрылымдық) - бұл құқықтық нормаларға қайшы келетін, әлеуметтік тәртіп пен қоршаған адамдардың әл-ауқатына қауіп төндіретін мінез-құлық. Ол тәртіпсіздікке қарсы, құқыққа қарсы және қоғамға қарсы іс-әрекеттер нысанында заңнамада

тыйым салынған кез келген іс-әрекеттерді немесе әрекетсіздікті қамтиды. Кейбір жағдайларда әлеуметке қарсы мінез-құлық, құқыққа қарсы және қылмыстық (қоғамға қарсы) әрекеттермен байланысты болады.

Бейәлеуметтік мінез-құлық (ығысқан-деструктивті) — бұл моральдық- адамгершілік нормаларды орындаудан жалтаратын, тұлғааралық қатынастардың әл-ауқатына қауіп төндіретін мінез-құлық. Бұл мінез-құлық әлеуметтік топтармен және моральдық-адамгершілік нормалармен (діни нормалар, кәсіби талаптар, кәсіби этика, оқу орнындағы немесе ұйымдардағы ішкі тәртіп ережелері, жатақханада тұру ережелері және т.б.) реттеледі. Ересектердің бейәлеуметтік мінез-құлық мынадай түрлерде көрінуі мүмкін: кәсіби этиканың бұзылуы, агрессивті мінез-құлық, қаңғыбастық, масылдық, қорқытып алушылық, жыныстық ауытқу (девиация), жезөкшелік және т. б.

Бейәлеуметтік мінез-құлықтың шекарасы ерекше өзгермелі, өйткені ол басқа мінез-құлықтың ауытқулар мәдениет пен уақыттың әсерінен болады. Айқын формада бейәлеуметтік мінез-құлық әлеуметке қарсы мінез-құлықтың жеңіл түрлерімен сәйкес келеді және де көбінесе қылмыстық (делинквент) ретінде белгіленеді. Сондай-ақ, әлеуметтік-пассивті мінез-құлықты (оқудан жалтару, үйден қашу, қаңғыбастық пен қайыршылық, физикалық тұрғыдан аз белсенді өмір салты және т. б.) атап өткен жөн.

Диссоциальды (аутодеструктивті) — бұл тұлғаның тұтастығы мен дамуына қауіп төндіретін медициналық және психологиялық нормалардан ауытқитын мінез-құлық.

Классикалық анықтамасы: аутоагрессивті мінез-құлық девиантты (ауытқитын) мінез-құлықтың нысаны болып табылады; бұл өз соматикалық немесе психикалық денсаулығына тікелей немесе жанама зиян келтіруге бағытталған іс-әрекеттер.

Қазіргі әлемдегі аутодеструктивті мінез-құлық келесі негізгі формаларда болады:

1) суицидтік мінез - құлық-ең қауіпті нысан болып саналады. А. Ж. Личко демонстративтік, аффективтік және нағыз суицидалды мінез-құлық деп бөледі [3].

2) тағамдық тәуелділік (булимия, анорексия) – адамның мінез-құлықның ерекшеліктеріне, оның қарым-қатынасына айналасындағылар қалай қабылдайтынына байланысты туындайтын тағамдық мінез-құлықтың бұзылуы.

3) аддиктивтік мінез – құлық (тәуелді) - химиялық және химиялық емес тәуелділік. Химиялық тәуелділік-бұл психикалық белсенді заттарды (темекі шегу, маскүнемдік, нашақорлық, уытқұмарлық) пайдалану. Химиялық емес тәуелділік: ортақ тәуелділік-маңызды адамның бақылауына тәуелділік, БАҚ-қа, жарнамаға ақпараттық тәуелділік, иерархия мен ақшаға экономикалық тәуелділік, иемденуге тәуелділік (хобби, коллекциялау, үй жануарларына байлау), шектейтін нанымдарға тәуелділік, бастан кешкен бұзылуларға, жарақаттарға, ауыр ауруларға және жоғалтуға тәуелділік, іштей оқу, өтірік пен ысырапшылдық синдромдары [4].

4) фанатикалық мінез – діни - деструктивті еліктеушілік , қандай да бір спорт түріне немесе музыкалық бағытқа аса қызығушылық. Адам үшін фанатикалық мінез-құлықтың ең қауіпті және жарақат алатын түрі деструктивті табынушылыққа «күтім» болып табылады.

5) виктимдік мінез - құлық - (ағылш. victim-құрбан) - басқа адамды жеңіл мағыналы, аморальды немесе заңға қайшы әрекет жасауға итермелейтін әрекет немесе әрекетсіздік. Виктимдік мінез-құлықтың психологиялық негізі өзін-өзі бағалауды төмендетіп көрсету, маңызды қарым-қатынастар үзілісінің қорқынышы өзінің толық қалыптаспағандығына кінә сезімі және «жазалау», «әділдік» туралы түсінік жетілмегендігі болып табылады. «Құрбандар» өздерінде деструктивті қарым-қатынасты бұзуға батылдық таппайды, өзінің құндылығы туралы түсініктері жоқ, сүйікті, құрметті болу және лайықты өмір сүру құқығын мойындамайды [5].

6) өмір сүру қауіпі бар қызмет (қауіпті мінез-құлық) – бұл демалыс және спорттың экстремалды түрлері, көлік қозғалысы кезінде жылдамдықты арттыру және т.б. Мұндай мінез-құлық көбінесе әлеуметтік-мақұлдаумен, айналасындағылар осындай адамдардың «батылдығына» және «ерлігіне» таңданады, бірақ бұл «құмарлықтар» өмірі мен денсаулығына анық қауіп төндіреді.

Осылайша, ауытқитын мінез - құлықтың әртүрлі түрлері қарама-қарсы екі бағытта-өзіне немесе басқаларына бірыңғай «деструктивті мінез-құлық» осіне орналастырылады. Деструктивтіліктің бағыттылығы мен айқындылығы бойынша ауытқитын мінез-құлықтың мынадай шкаласын көрсетуге болады: бейәлеуметтік (белсенді - деструктивтік) - бейәлеуметтік (салыстырмалы деструктивтік, бейәлеуметтік топ нормаларына бейімделген)- бейәлеуметтік (пассивті - деструктивтік) - диссоциальды (пассивті - деструктивтік) - өзін-өзі өлтіретін (белсенді - деструктивтік) [6].

Нақты өмірде жекелеген формалар жиі үйлеседі немесе қиылысады, ал ауытқитын мінез-құлықтың әрбір нақты жағдайы жеке боялған және қайталанбас болып табылады. Колледж студенттерінің өмірінен нақты мысал қарастырайық: мереке қарсаңында кешке колледж жатақханасында тұратын 121 е/і (ак) тобының екі студенті жатақхананың екінші қабатынан Халықаралық әйелдер күнін мейрамханада топпен атап өту мақсатында секірді. Бұл жағдайда олардың мінез-құлқы девиантты деп бағаланады, атап айтқанда:

1) әлеуметке қарсы - ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіні бұзу ниеті (21 жасқа толмаған тұлғалардың спирттік ішімдіктерді сатып алуға және ішуге, сондай-ақ спирттік ішімдіктерді пайдалану орындарында болуға құқығы жоқ) [7],

2) бейәлеуметтік - жатақханада тұру ережелерін бұзу (жатақханада тұратын студент, сағат 20:00 кейін жатақханада болуы тиіс),

3) диссоциальды (аутоагрессивті) - қауіпті (биіктіктен секіру кезіндегі денсаулығы мен өміріне қауіп), өзіне-өзі қол жұмсауға бейімділік.

Кейбір жағдайларда мінез — құлықтың бір түрі әр түрлі формаларға ие бола алады: зиянды әдет -ауытқитын мінез-құлық, өмір сүру сапасының нашарлауы –өмірге қауіпті мінез-құлық бұзылысы. Мысалы, үйден қашу (бұл жағдайда жатақханадан) және психологияда спирттік ішімдіктерді қолдану оларды шешу емес, проблемалардан қашу ретінде бағаланады, осылайша, мінез-құлықтың аутоагрессивті үлгісі қалыптасады (қаңғыбастық немесе маскүнемдік), ал мәселелерден кетудің соңғы шешімі суицид болып табылады.

Жасөспірімдер мен жеткіншектер аутоагрессивті мәселесін шешуге тырысуда:

- заңды түрде-жасөспірімдердің ересектердің ертіп жүруінсіз кешкі және түнгі уақытта көшеде және қоғамдық орындарда болуына шектеу енгізу, кәмелетке толмағандарға темекі өнімдерін және алкоголь өнімдерін 21 жасқа толмаған адамдарға сатуға тыйым салу арқылы;

- экономикалық – мұқтаж отбасыларға жәрдемақы жүйесі арқылы;

- әлеуметтік – мемлекеттік және қоғамдық тәрбие институттары желісін дамыту арқылы.

Бұл мәселені шешудегі психологиялық тәсіл, аутоагрессивті мінез- құлықтың бұзылуы мен дамуындағы тұлғаның рөлін танумен байланысты.

Осы негізде диагностикада, түзетуде және өзін-өзі бұзылудың алдын алуда жаңа мүмкіндіктер пайда болады [8].

Аутоагрессивті мінез - құлықтың алдын алуда адам өмірінің еңсерілмейтін құндылығы туралы, оның өзін-өзі жетілдіру, адамның өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру қабілеті туралы акмеология ғылымы ерекше маңызды рөл атқара алады. Акмеология негізінде адамның аутоагрессивті мінез-құлқы құбылысын жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік беретін интегративті тәсіл жатыр. Аутоагрессивті мінез-құлықтың алдын алудың акмеологиялық жүйесіне субъектінің өзін-өзі ұйымдастырған және өзін-өзі реттейтін жүйе ретіндегі мінез-құлқын талдау кіреді, онда белсенділік векторы өзін-өзі дамытуға және өмірдің өзін-өзі бағалылығын, бірегейлігін және қайталанбастығын түсінуге бағытталған, жеке және қоғамдық құндылықтардың, құндылық бағдарлары мен құндылықтық қатынастардың, сондай-ақ өзін-өзі бұзу кезінде және нормадағы өзін-өзі дамыту құндылықтарының маңыздылығын ашады [9].

Бейімделу кезеңіндегі студенттердің аутоагрессивті мінез-құлқын зерттеу деструктивті көріністердің дамуына ықпал ететін маңызды факторларды анықтауға және мақсатты психопрофилактикалық шараларды қолдану қажеттілігін негіздеуге мүмкіндік береді.

Алынған мәліметтерді талдау студенттер арасындағы аутоагрессия жеке психологиялық және әлеуметтік-мәдени факторлардың әсерінен қалыптасатын күрделі құбылыс екенін көрсетті. Негізгі аспектілерге алаңдаушылықтың жоғарылауымен, тұрақсыз өзін-өзі бағалаумен және әлеуметтік бейімделудегі қиындықтармен байланысты тұлғалық қасиеттер жатады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1) Вроно Е.М. О возрастном своеобразии аутоагрессивного поведения у психически здоровых подростков. / Е.М. Вроно, Н.А. Ратинова. / Сравнительно-возрастные исследования в суицидологии: сборник научных трудов Московский НИИ психиатрии; под ред. В.В. Ковалева - М., 2020.
- 2) Акажанова А.Т. Психология девиантного поведения. - Алматы, 2023.
- 3) Личко А.Е. Саморазрушающее поведение у подростков / А.Е. Личко, Ю.В. Социальная психиатрия: фундаментальные и прикладные исследования: материалы симп. (Ленинград, 4–5 окт. 1989 г.) / Ленингр. Науч.-исслед. Психоневрол. Ин-т им. В.М. Бехтерева; под общ. ред. М.М. Кабанова - Л., 2020.
- 4) Карвасарский Б.Д. Клиническая психология: Учебник для вузов. 5-ое изд. / Под редакцией Карвасарского Б.Д. - СПб.: Питер, 2021.
- 5) Акажанова А.Т. Психолого-педагогические аспекты виктимного поведения несовершеннолетних. - Алматы, 2019.
- 6) Әбдікәрімұлы Б. Проблемы девиации среди несовершеннолетних: Учебное пособие. - Астана, 2023.
- 7) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексі.
- 8) Тихоненко В.А. Классификация суицидальных проявлений // Актуальные проблемы суицидологии. Тр.Моск. НИИ психиатрии МЗ РСФСР, Т.82. - М., 2022.
- 9) Горобец Т.Н. Акмеологическая коррекция и профилактика аутодеструктивного поведения: учеб.-метод. пособ. / под общ. ред. А.А. Деркача; Рос. акад. гос. службы при Президенте Рос. Федерации. – М.: РАГС, 2023.

УДК 740

ЖЕТКІНШЕКТЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ПЕН ҚАТЫГЕЗДІКТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ

Жоламан Диана Болатқызы, Қадырса Айшабибі Рахметқызы

Mrs.kadyrisa@gmail.com

В041-Психология мамандығының 2-курс студенттері

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Айтышева.А.М

Жасөспірімдер арасындағы агрессия мен қатыгездік қазіргі қоғамдағы өзекті әлеуметтік-психологиялық мәселелердің бірі болып табылады. Бұл құбылыстың белең алуы жасөспірімдік кезеңнің психологиялық ерекшеліктерімен, олардың әлеуметтік ортамен өзара қарым-қатынасының күрделілігімен және тұлғалық даму процесінде кездесетін қиындықтармен тығыз байланысты.

Жасөспірімдік шақ – қарқынды өзгерістер мен дағдарыстар кезеңі. Бұл кезеңде жеке тұлғаның өзіндік санасы қалыптасып, өзін-өзі бағалауы тұрақсыз болып келеді. Өзін-өзі дәлелдеу қажеттілігі, эмоционалдық тұрақсыздық, топтық қысым және әлеуметтік мәртебені нығайтуға деген ұмтылыс көптеген жасөспірімдерді агрессиялық мінез-құлық көрсетуге итермелейді. Осы тұрғыдан алғанда, агрессияны тұлғаның бейімделу механизмі ретінде зерттеу маңызды. Мысалы, мектептегі буллинг жасөспірімдік агрессияның кең таралған формаларының бірі болып табылады. Көптеген оқушылар өздерін топ ішінде мойындату үшін